

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASYNYÝ BILIM JÁNE ҚYLYM MINISTRIGI  
Ó. SULTANGAZIN ATYNDÁĞY  
QOSTANAI MEMLEKETTIK PEDAGOGIKALYQ ÝNIVERSITETI



**«Sultangazin oqýlary» I-shi Halyqaralyq  
ǵylymi-praktikalyq konferensiasynyň  
MATERIALDARY**

**17-18 mamyr 2019**

**МАТЕРИАЛЫ**  
**I-ой Международной научно-практической  
конференции «Султангазинские чтения»**

**17-18 мая 2019**

**MATERIALS**  
**of the I<sup>st</sup> International scientific and practical  
conference «Sultangazin readings»**

**May 17-18, 2019**

Qostanai, 2019

**ӘОЖ 378 (094)**

**КБЖ 74.58**

**C 89**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор**

*Әбіл Еркін Аманжолұлы*

тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Бас редактордың орынбасарлары:**

*Медетов Нурлан Амирович*

физика-математика ғылымдарының докторы

*Ташетов Аманжол Аскарович*

PhD докторы

**Редакциялық алқа мүшелері:**

*Утегенова Бибикуль Мазановна*

педагогикалық ғылымдар кандидаты, доцент

*Евдокимова Ольга Николаевна*

педагогикалық ғылымдар кандидаты

*Балгабаева Гаяхар Зкрияновна*

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

*Жұмабаев Канат Аканович*

кандидат экономических наук

*Бобренко Марина Александровна*

*Сатбаева Мұснай Түлегеновна*

*Жиенбаева Аида Аманжолқызы*

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының  
**C 89** материалдары. = Материалы международной научно-практической конференции  
«Султангазинские чтения». = Materials of the international scientific and practical  
conference on «Sultangazin readings». – Қостанай, 2019.

**ISBN 978-601-7934-72-9**

«Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары жинағында білім беру жүйесін дамыту мен кадрларды даярлаудың ғылыми әлеуетін арттыру, қоғамды дамытудың маңызды мәселелері және «Мәңгілік Ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асуру жайында зерттеулер жарық көрді.

В материалах международной научно-практической конференции «Султангазинские чтения» опубликованы исследования актуальных вопросов развития системы образования и научного потенциала подготовки кадров, общества и реализации основных принципов программы «Мәңгілік ел».

The materials of the international scientific-practical conference «Sultangazin Readings» are devoted to studies of topical issues of the development of the education system and the scientific potential of personnel training, society and the implementation of the basic principles of the program «Mengilik el»

**ӘОЖ 378 (094)**

**КБЖ 74.58**

*Ә. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің  
Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған*

*Жинақта ұсынылған мақалалардың мазмұны үшін жеке автор(лар) жауапты*

**ISBN 978-601-7934-72-9**

© Ә. Сұлтанғазин атындағы Қостанай  
мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

# ТӘҮЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЖАС ҰРПАҒЫН – ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

*Patriotic education of the younger generation of the independent country*

А. Е. Насрединова<sup>1</sup>, А.С. Ерназарова<sup>2</sup>  
A.E. Nasredinova<sup>1</sup>, A.S. Yernazarova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Н.Кұлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі,  
Арқалық, Қазақстан, asem\_86c@mail.ru

## Аннотация

Балабакшада балаларды патриоттыққа тәрбиелеуде халық ауыз әдебиеті ұлттық ойындар, салт-дәстүрдің маңызы зор. Балаларды мақсатты түрде саяхаттар арқылы, патриоттық кинофильмдер, ерлік өртегілері балаларды елін сүюге, ерлікке, Отанын қорғауға тәрбие лейді. Бүгінгі күні жастарды түрлі практикалық семинарларға қатысып, газет, журналдарға мақалалар жазуға бағыттау керек.

## Abstract

The upbringing of the patriotic senses takes place in sequence: first nurturing the love of parents, native home, kindergarten, and then to the city, the country, pride for his culture. Children of preschool age need to read more patriotic tales, stories show them patriotic films, and in the future our youth to attract read newspapers and magazines, as well as write articles, to know the history of their country. Then they will be proud for their homeland.

*Кілт сөздер:* бала, отан, тәрбие, патриоттық елжандылық.

*Key words:* child, homeland, country, education, patriotic, erudition.

Патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға. Бала тәрбиесі – өте курделі процесс. Оның күрделігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл-күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы», «Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілерсің» – дейді халқымыз. Н. Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» – деп көрсеткен. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мұдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм», ұғымдары сол заманың ақиқаты – наным-сенімінен туындейды.

Мемлекетімізде қазіргі патриоттық құндылықтары қалыптасқан тұлға Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруге өз үлесін қосатын патриот – азамат. Жалпы азаматтық және ұлттық құндылықтарды менгерген Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, халықаралық мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, тіліне, дініне құрметпен қарау. Халықтар арасында достықты нығайту Ұлттық және әлемдік нәрінен су-сындаған, ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын Қазақстан Республикасының экономикалық байлығын дамытатын 21 таңда сапалы білім берумен қатар, болашақ жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің де зор қажеттігі туындалап отыр. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеріске ұшырауы білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмыстарын тоқырауға әкелді. Қазіргі кезеңде тәрбиеге және тәрбие жұмыстарына деген жаңаша көзқарас қалыптасуда, олардың ізгілік мәні тереңірек ашылуда. Тәрбие жұмыстары әр баланы қайталанбас тұлға ретінде қарап, оның өзгеше қасиеттерін дамытуы қажет [1].

Әрбір бала – тұлға, өзінше бір әлем, ал, әр педагогтың міндеті әр тұлғаны көре білу, жүректеріне жол табу. Бүгінгі күнде барлық педагогтардың алдындағы мақсат өмірдің бар-

лық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Бала бойына ізгілік нұрын төгіп, білім нәрімен сусындар үстаз әрқашан ізденіс үстінде болуы шарт деп білімін жетілдіріп отыруы міндettі. Балабақшаның негізгі жүрегі, басты бөлшегі – тәрбиеші. Қорнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын», деген екен. Тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас үрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – бізге артылған аса жоғары міндет [2].

Оның маңыздысы бұлдіршіндердің көкірегін рухани қазынаға толтыру. Ойын арқылы тілін дамыту дағдыға айналған. Өйткені, тәрбиешінің міндеті жас үрпаққа қазыналы да бай қазақ тілін сіңіру. Қындығы мен қызығы, ауыртпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиеленушілердің бойынан жылт еткен жақсылықты, талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау.

Заман талабына сай азамат тәрбиелеу үшін тәрбиеші де үнемі оқу мен ұмтылыста болуы қажет. Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру жүйесіне, оның сапалы мазмұнын жаңғырту мәселелеріне айрықша көніл бөлінуде [3].

Халықтың болашағы – үрпағы, үрпақтың тәрбиесі – педагогтарда, педагогтардың мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ал, толыққанды азамат қалыптасу үшін – ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дene тәрбиесі, сонымен қатар, экологиялық, экономикалық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Тәрбиенің қалыптасуы – педагог, бала, ата-ана еңбегімен байланысты екендігі айқын. Демек, бұлар береке-бірлікпен жұмыс істеп, бұзылмайтын, айнымайтын темір тәртіпке бас игенде фана іс оң нәтиже таппақ. Бұл ұлдың еркіндігіне, қыздың шіркіндігіне қойылатын жоғары талап. Сондықтан да, осы үш негіз бірлесе отырып жұмыс жасаса өкінбейтініміз анық. Тәрбие мәселесін тек балабақша мен педагогтар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болуы ата-аналар мен қоғамдық органды тәрбие ісінен шет қалмай белсene араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапкершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуге тікелей байланысты [4]. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заң жобасында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен окуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дene қуатының қауіпсіз дамуын, адам-гершілігі жағынан дұрыс қамтамасыз етуге міндettі», – дедінген. Тәрбие үрдісінде педагогтың білім өрісі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Балалар өз тәрбиешілерінің жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды», – деп текке айтпаған.

Еліміз егемендік алғаннан бері жас үрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болып есептелген. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізben қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған Отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ [5]. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жүртym деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді. Бұл ұғымның педагогикалық жүргіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты. Қазақстандық патриотизм – Отан – анаға деген сүйіспеншілік пен азаматтық ерлік, өнеге көрсетушілік, бойдағы білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсай, атамекен мұддесіне арнау болмақ. Өз елінің өткенін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтей білу де осы қазақстандық патриотизм құрамына кіреді.

Демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін: әр ұлттар мен ұлыстар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір-бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс.

Жалпы қай қоғам болмасын сол қоғамға лайықты ұрпақ тәрбиелеуге тырысқан. Біз қозғап отырған ұлтжанды, ел жанды, отаншыл, отансүйгіштік, елтжандылық тәрбие қай кезде болмасын ұрпақ тәрбиесінде өзекті мәселе болған. Балабақшада балаларды патриоттыққа тәрбиелеуде халық ауыз әдебиеті ұлттық ойындар, салт-дәстүрдің маңызы зор. Балаларды мақсатты түрдегі саяхаттар арқылы, патриоттық кинофильмдер, ерлік ертегілері балаларды елін сүюге, ерлікке, Отанын қорғауға тәрбиелейді.

Әр балабақшада оқу-тәрбие мекемелерінде өсіп келе жатқан жас буындарды патриотизмге, отан сүйгіштікке тәрбиелеудің теориясы мен болмысқа толы фильмдер көрсетілсе, онда балалардың одан үлгі, тәрбие, тәлім алыш, мақтанышпен айтып жүреді. Ұлтын, тарихын мақтан тұту – елжандылық тәрбиеліліктің бір көрінісі. Баспасөз беттерінде де осы сынды әңгіме, мақалаларды жиі-жиі жариялау арқылы елжандылық тәрбиені дұрыс бағытта жүргізе аламыз!

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Учительская плюс. – 07.2018. – №48 (343).
2. Қоянбаев Ж.Қ. Педагогика. – Алматы, 2000.
3. Педагогика оқу құралы. – Алматы ҚазМҮУ, 2006
4. Ахметова Г.К., Исаева З.А., Әлқожаева Н.С. Педагогика: Оқулық. – Алматы, 2006.
5. Әлқожаева Н.С. Педагогика (оқу әдістемелік кешен). – Алматы, 2006.

## ЦЕННОСТНАЯ СФЕРА ЛИЧНОСТИ КАК ОСНОВА ДЛЯ ВОЗРОЖДЕНИЯ ДУХА НАЦИИ

*Value sphere of personality as a basis for the revival of the spirit of the nation*

Р.А. Назмутдинов<sup>1</sup>, Д.В. Ильина<sup>2</sup>  
*R.A. Nazmutdinov<sup>1</sup>, D.V. Ilina<sup>2</sup>*

<sup>1,2</sup>Костанайский государственный педагогический университет имени У. Султангазина,  
Костанай, Казахстан, *nazmi1956@mail.ru*

#### Аннотация

На более высоком уровне обобщения ценности рассматриваются как элементы или явления жизни общества, анализируемые с точки зрения того социального значения, которое им придается обществом в целом или социальной группой.

#### Abstract

At a higher level, generalizations of values are considered as elements or phenomena of social life, analyzed from the point of view of the social significance that is attached to them by society as a whole or by a social group.

*Ключевые слова:* модернизация, ценности, личностные ценности, социальное поведение, смысл.

*Key words:* modernization, values, personal values, social behavior, meaning.

Программная статья Главы государства «Семь граней Великой степи» стала новым важным шагом на пути модернизации общественного сознания. В ней Глава государства

### **3 СЕКЦИЯ**

#### **ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА И РЕАЛИЗАЦИЯ ОСНОВНЫХ ПРИНЦИПОВ ПРОГРАММЫ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» SOCIETY DEVELOPMENT AND IMPLEMENTATION OF THE BASIC PRINCIPLES OF «МӘҢГІЛІК ЕЛ» PROGRAM**

<i>Ағдатетова А.Ш.</i> Қоғамның дамуы және «Мәңгілік ел» бағдарламасының негізгі принциптерін жүзеге асыру .....	248
<i>Аканбаев Б.Н., Шамитдинов А.М.</i> Қазіргі қазақ жастарының «жақсылық» этикасы.....	250
<i>Алипбаева Г.А., Маннапова Д.Х.</i> «Ниткография», «Тұзбен сурет салу» атты дәстүрлі емес сурет салу техникаларын қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың графо – моторлық дағдыларын дамыту .....	256
<i>Амантаева А.Б.</i> Духовное единство народа – гарант стабильности Казахстанского общества.....	260
<i>Баубекова Г.К., Омарова К.И.</i> Анализ миграционных процессов Северного Казахстана за 2012-2017 годы.....	265
<i>Бекмаганбетова Г.К.</i> Взаимодействия семьи и школы по формированию у младших школьников семейных ценностей как реализация одного из направлений программы «Рухани жаңғыру» .....	269
<i>Болгарина Б.К.</i> Актуальные вопросы обеспечения молодежной среды как территории без терроризма согласно программе «Мәңгілік ел» .....	273
<i>Каппасова Ш.Е., Бурабай А.Қ.</i> Латын әліпбі – рухани тәуелсіздікке жасалған жарқын қадам! .....	277
<i>Кусаинов Г.Б.</i> Национальные приоритеты в контексте духовной модернизации .....	281
<i>Лантух Я.С., Иванова Е.Н.</i> Роль учителя начальных классов по внедрению ценностей идеи «Мәңгілік ел» в учебно-воспитательный процесс .....	285
<i>Печёркина М.В., Крамок З.С., Бексултанов Д.Т., Альшиanova Б.Х.</i> Культурно-философская экспликация сверхчеловеческого образа в контексте гуманизма и общественном дискурсе .....	288
<i>Насрединова А.Е., Ерназарова А.С.</i> Тәуелсіз елдің жас үрпағын – патриоттықта тәрбиелеу .....	292
<i>Назмутдинов Р.А., Ильина Д.В.</i> Ценностная сфера личности как основа для возрождения духа нации .....	294
<i>Салмагамбетова С.С.</i> Развитие познавательных способностей, обучающихся с особыми образовательными потребностями средствами английского языка .....	299
<i>Сатыбалдина Р.А.</i> Национальная идеология независимого Казахстана «Мәңгілік ел» .....	303
<i>Исмаилов С.С., Бисембаева А.К.</i> Основные направления развития науки в соответствии с программными статьями Президента Казахстана Н.А. Назарбаева .....	307
<i>Телебаев Г.Т.</i> Ценности идеи «Мәңгілік ел» в образовательном процессе .....	310
<i>Шаукенов Ж.А.</i> Ұлтаралық келісім доктринасы және «Мәңгілік ел» идеясы .....	316
<i>Шумейко Т.С.</i> Духовно-нравственные аспекты технологического образования .....	321
<i>Абильмаликов К.К.</i> Взаимоотношения Азербайджана и Франции в области энергетических ресурсов .....	326
<i>Каирова Б.К., Касымов Н.А.</i> Рухани жаңғыру өзін-өзі танудан бастау алады .....	331
<i>Усембаева А.Х.</i> Компетентностный подход в системе послевузовского образования .....	335